



БҰЙРЫҚ

№ 163/1

«01» 09 2023 ж.

**Баланы жәбірлеудің (буллингтің)
профилактикасы қағидаларын
бекіту туралы**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-26) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру ұйымының әкімшілігі баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және алдын алу жөніндегі қызметті қамтамасыз етеді және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, баланы жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру ортасында жағдай жасалсын.

2. Білім беру ұйымының басшысы баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мақсатында жыл сайын оқу жылының басында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі жоспар жасалып, бекітілсін.

3) " Білім беру ұйымдарының педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 4-қосымшадағы нысанға сәйкес педагог-психологтің консультациясын есепке алу журналына тіркей отырып, педагог-психологтармен, әлеуметтік педагогтармен білім алушылар мен тәрбиеленушілерге әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету әлеуметтік педагог С.Шоқпароваға, психологтар Ж.Бекбусинова мен Г.Әмірхановаға жүктелсін.

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін сақтау, оларды оқыту, тәрбиелеу және білім беру ұйымдарында қауіпсіз болу үшін ресурстармен қамтамасыз ету тұрғысынан тәрбие процесі мен білім беру ортасының жағдайларына мониторинг жүргізу мектеп психологтары Г.Әмірханова мен Ж.Бекбусиноваға міндеттелсін.

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы мен болдырмау мәселесін ата-аналар комитетін

тарта отырып, білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының отырыстарында қаралсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Б.Еркебаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



М.М. Отарбаева